

Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына

Бүгін Алматыда, Қазақ ССР Ғылым академиясының үлкен конференция-залында «Аса көрнекті ойшыл, ағартушы-демократ Ш. Ш. Уәлиханов және оның ғылым мен мәдениетті дамытудағы үлесі» деген тақырыпта Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференция өз жұмысын бастайды. Екі күнге созылатын бұл конференция Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай өткізілгелі отыр. Оған көрнекті ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері қатысады. Ал, 20 сеп-тябрьде қазір Алматыда өтіп жатқан ЮНЕСКО конференциясының осы мүшелді күнге арналған дөңгелек столының мәжілісі болады.

КӨРНЕКТИ қайраткер, прогресс жолындағы жалынды күрескер Шоқан Уәлихановтың бейнесі жылдар өткен сайын жаңа қырларымен таныла түсіп отыр. Мәселен, Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы секілді маңызды кезеңдерге неғұрлым терең үңілсек, Шоқанның ағартушылық ролі, халық қамын ойлауы, қазақ және орыс халықтарымен табыстыра түсу ниеті, ұлттар достығы мен туысқандығын нығайту бағытында атқарған іс-әрекеттерінің мән-мазмұны солғұрлым толық та жарқын сипатымен көз алдымызға келеді.

Ш. Уәлихановтың өз дәуірінде өмір қажет еткен кейбір мақсат-мүдделер мен мұраттар жөнінде парасатты ой қозғағаны бүгінде ерекше айқындалып отыр.

Ол өзі қоғамдық және ғылыми жұмыстармен айналысқан уақытта Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының аяқталғанын көзімен көріп, мұны қазақ халқының тағдырындағы игі бетбурыс деп білді. Осының нәтижесінде қазақ пен орыс халықтарының экономикалық және мәдени жағынан жақындасуына мүмкіндіктер туатынын, қазақ еліне озық орыс мәдениетінің келетінін түсінді.

Шоқан заманы — қазақ халқының тарихындағы елеулі кезең. Өйткені, сол тұста байырғы достығымыздың негізі қаланды. Кейін социалистік революция жеңген соң бұл достық одан әрі нығайды. Ол көз сондай-ақ Россия мемлекетіндегі орыс және басқа да жұрттардың бостандық күресі төжірік-бесінен туған, алдыңғы қатарлы демократиялық идеялар пайда болған тұс еді. Бұған қоса Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің творчествосы қазақ елінің рухани жағынан өсуіне игі ықпал етті.

Бүгінде лениндік ілімге сүйене отырып, Шоқанның творчестволық мол мұрасына байыппен қараймыз. Өткендегі ұлт мәдениетіне ой жіберіп, оның демократиялық, социалистік элементтерін анықтаймыз.

Шоқанның дүниетанымы мен көзқарасының қалыптасуына Россияның реформа алдындағы жәй-күйі мықтап әсер етті. Ол кезде Россия крепостнойлық тәртіпті жоюдың қарсаңында еді. Омск интеллигенциясымен қызу араласқан Шоқан орыс қоғамын толғандырған идеялармен ерте танысты. Н. Г. Чернышевскийдің «Современникін», А. И. Герценнің «Колоколын», В. Г. Белинскийдің мақалаларын оқып, Петербургтен Сібірге жер аударыл-

ған орыс азаматтарымен қарым-қатынаста болуы жас офицердің халық көксеген арманды, оның себептерін толық ұғынуына көмектесті. Сөйтіп, Шоқан заманның әділетсіздігі шонжарлардың озбырлығына қоса, негізінен, саяси және экономикалық системаға, пат-

ҚАШАНДА ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕ

шалық самодержавие мен крепостнойлық тәртіпке байланысты екеніне көз жеткізді. Осы жағдайларды терең түсінудің арқасында ол орыс еңбекшілерінің түпкі мақсат-мүддесін анық байқады. Бұл оның ағартушы-демократ, гуманист-ғалым ретіндегі идеялық позициясын айқындауына айрықша әсер етті.

Ұлы ғалым қазақ халқының ғылым мен мәдениетке жеткізуге барынша күш жұмсады. Ол нағандыққа, қараңғылыққа қарсы күресіп, дінді өшкереледі. Сол кездің әлеуметтік теңсіздігін сынап, адамгершілікті озат идеяларды жақтады. Қанаушы патриархалдық-феодалдық қоғамға қарсы болды.

Ол өзі ақсүйек тұқымынан бола тұра, қарапайым халықтың ауыр тұрмысына жаны ашыды, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Оларды құғын-сүргінге салушы бай-болыстарға, патша чиновниктеріне және ислам дінін таратушыларға қарсы шықты. Өз кезінде адамзат цивилизациясы мен мәдениетінің биігіне көтерілген Шоқан бірнеше буын өкілдерінің санасын оятып, әлеуметтік кемсітушілікке қарсы күресуді, әлемдік мәдени байлықтарды игеруді, сөйтіп, өзге халықтармен тең өмір сүруді асады. Мұны өзінің ғалымдық та, азаматтық да борышы санады.

Шоқанның орыс мәдениеті мен ғылымының көрнекті өкілдерімен өзара достықта болуы, оның ағартушылық қызметі мен қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына жақсы әсер етті. Ол шығыстанушы ғалымдар Г. Н. Потанинмен, И. Березинмен, А. В. Васильевпен, А. Н. Бекеговпен, жер аударылып келген С. В. Дуровпен, тағы басқалармен араласып, рухани жақын болды. Шоқанның ғылыми жұмыстарына П. П. Семенов-Тянь-Шанский де ерекше илтипатпен қарады.

Оның, әсіресе, Федор Ми-

хайлович Достоевскиймен көп жылдар бойы достық қарым-қатынаста болғаны белгілі. Орыс жазушысының қазақ досына жазған хатынан сүйіспеншілік лебі аңғарылады. Достоевскийдің хаттарынан бір байқайтынымыз: ол Шоқан өз жұртының ағартушысы болумен бірге, қазақ және орыс халықтарының достығы жолындағы табанды күрескер деп санап, оған үлкен сенім артады.

Ұлы ғалым россиялық және жержүзілік шығыстану мәселелеріне қызу араласқан, Қазақстан мен Орта Азияны зерттеуге аянбай атсалысқан қазақ халқынан шыққан тұңғыш өкіл. Ол Россияның озық ойлы адамдарымен тонның ішкі бауындай болып, оларға өз хал-

мен ой-парасатын, өз дәуірінің маңызды әлеуметтік проблемаларының қыр-сырын мұқият зерттегенін, жазып қалдырған ой-түйіндеулерінің аса құндылығын риза көңілмен қабылдайды.

ОРЫС халқының сол кездегі озық ойлы қайраткерлері Шоқанның ғылым жолындағы ізденістеріне көмек беріп, қолдау көрсеткенін, оның ғылымға сіңірген еңбегін лайықты бағалап, шығыстанушы және ағартушы ретіндегі жарқын да көп қырлы талантын атап айтқандарын өте ризашылықпен ауызға аламыз. Белгілі орыс ғалымдары Шоқанның Қашқарияға саяхаттап барып, Шығыс Түркістаннан алып қайтқан тарихи-этногра-

фиялық материалдарын, басқа да ашқан ғылыми жаңалықтарын аса жоғары бағалады.

Шоқан қайтыс болған соң да оның қолжазбаларын жинап, жүйелеуде орыс достары елеулі еңбек етті. Соның нәтижесінде 1904 жылы Петербургте Шоқанның тұңғыш шығармалар жинағы жарық көрді. Бұл істі Орыс география қоғамы жүзеге асырды. Осы басылым негізінде қазақ ғалымының кейін толықтырылып шыққан жинақтары жарық көрді.

Ш. Уәлихановтың еңбектері және оның өзі туралы жазылған материалдар ағылшын, неміс, француз тілдерінде жарияланды.

Қазіргі уақытта Шоқанның ғылыми, қоғамдық қызметтерінің тарихи мәнін толық түсіне білеміз десек, оның тұлғасын осы заманға байланыстыра қарап танымыз десек, бұл ретте ғалымдар мен жазушылардың және өнер қайраткерлерінің еңбегі зор екенін байқаймыз.

Шоқан еңбектері туралы совет ғалымдары, академиктер В. В. Бартольд, А. Н. Самойлович, А. А. Гордлевский, А. Е. Крымский, Н. С. Берг, В. А. Обручев және басқалар жылы пікірлер айтты.

Абай және оның заманы туралы төрт томдық эпопеяның авторы Мұхтар Әуезов өткен ғасырдағы қазақ елінің қоғамдық ахуалын үлкен суреткерлікпен бейнелеп, терең түсініп болса, ол Шоқанның ғылыми-ағартушылық зор еңбегінің тарихи мәнін де сондай дәрежеде бағалай білді. 1940 жылдың аяғынан бері Ш. Уәлиханов жайында ірі монографиялық зерттеулер пайда бола бастады. Оның творчестволық мұрасын ғылыми тұрғыдан талдап көрсетуде тарихшылар, философтар, экономистер, заң зерттеушілері, тілшілер мен әдебиетшілер, географтар, тағы басқа ғалым-

дар үнемі күш-жігер жұмсап келеді. Бұл орайда Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұланды айрықша атаған жөн. Ол ондаған жылдар бойы Шоқан туралы материалдар жинап, зерттеді, бағалы архив материалдарын тапты.

Шоқанның тарих, этнография, география, Қазақстан мен Орта Азия халықтарының сөз өнерін, қазақ және орыс халықтарының қарым-қатынасын, шығыстанудың ортақ проблемаларын зерттеуге қосқан өлшеусіз үлесін айқындауға көптеген совет ғалымдары атсалысып келеді.

Совет өкіметі жылдарында Шоқанның еңбектері талай рет көп тиражбен орыс, қа-

қанды халықтар достығы идеясының насихатшысы, нағыз жаңашыл ғалым ретінде орыс жазушылары мен мәдениет қайраткерлерінің қалың ортасында алып бейнелейді.

Егер бұрынғырақ Шоқанның көркем бейнесі прозада, драматургияда, поэзияда, бейнелеу өнерінде және кинода жасалып келсе, енді мұның қатарына көркем телефильм қоюшылар да келіп қосылды. Тұтастай алғанда осынау бағытта өнер адамдары едәуір іс тындырды. Бірақ мұнымен Шоқанның ұлы бейнесін сомдап біттік дей алмаймыз.

Сөз жоқ, алда да Уәлиханов творчествосы — ғалымдығы, ағартушылығы, саяхатшылығы, күрескерлігі ақындарды, жазушыларды, өнер адамдарын шабыттандырып, жігерлендіре бермек. Сондықтан да олар Шоқанның образын уақыт өткен сайын ірілендіріп, жаңа қырынан көрсете беретін болады.

Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына арнап шығарылған жаңа бес томдық шығармалар жинағы негізінен бұрынғы басылымнан алынғанмен, оған жаңадан кейбір материалдар да қосылды. Бұл тарихшыларымыздың соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулерінің нәтижесі.

Мүшелді күнге байланысты ғалымның жаңадан бір томдығы қазақ тілінде басылып шықты. Ал Москвадағы «Наука» баспасының «Шығыс әдебиеті» Бас редакциясынан таңдамалы шығармаларының бір томдығы жарық көрмек. Мұның өзі Шоқан еңбегімен Одақ оқырмандарының бұрынғыдан молырақ танысуына себепші болмақ.

Қазір ғалымдарымыздың алдында Шоқанның қолжазбаларын одан әрі зерттеп, жаңа деректер іздестіру, еліміздің архив материалдарын өлі де мұқият тексеріп қарау міндеті тұр.

Бұл ретте оның эпистолярлық еңбектері, яғни жазған хаттары толық жиналмағанын ерекше ескеру керек. Оның ғылыми жұмысының қазына-көздері ертедегі және орта ғасыр тарихын зерттегені, көне жазуларды айыра білгені, ескі теңгелерді тану қабілеті мен тағы сондай қасиеттері түбегейлі зерттеліп болды дей алмаймыз. Рас, түрлі еңбектерде, соңғы жылдарда жарық көрген монографияларда ғалымдарымыз аса көрнекті ағартушы-демократтың тарихи-қоғамдық қызметін кеңінен ашып көрсете алды. Осы зерттеулерден оның ұлы бейнесін тұтас та ауқымды түрде тани аламыз. Шоқан тұлғасының туған халқының сол дәуірдегі тарихи өмірімен және бүгінгі заманымызбен тығыз байланыста екенін көреміз.

Шоқан Уәлихановтың озық ойға мезгелген ғылыми мұрасы бұдан былай да халық игілігіне айнала береді.

Зәки АХМЕТОВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті,
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі.